

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

Бірінші дүниежүзілік соғыс

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

topreferat.com
Қазақша рефераттар...

Алматы – 2005

<https://www.topreferat.com>

Мазмұны

| | |
|--|----|
| Кіріспе..... | 3 |
| 1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары..... | 6 |
| 1.1 Соғыстың шығу себептері..... | 6 |
| 1.2 Соғыстың сипаты..... | 10 |
| 2-тармақ. Бірінші дүниежүзілік соғыс барысы..... | 11 |
| 2.1 Соғыстың басталуы және жікке бөлінген әлем..... | 11 |
| 2.2. Соғыстың аяқталу фазасы..... | 18 |
| 3-тармақ. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары..... | 22 |
| 3.1 Компьен бітім және соғыс зардаптары..... | 22 |
| Қорытынды..... | 27 |
| Пайдаланылған әдебиеттер..... | 30 |

Кіріспе

Курстың жұмыстың өзектілігі. Міне бірінші дүниежүзілік соғыстың адамзат қауымдастығын өз отымен шарпып, артында «жоғалған ұрпақты» мирас етіп қалдырғанына да бір ғасырға жуық уақыт болып қалды. Сірә әлем тұңғыш рет өзінің кішкентайлығын сезінген де болса керек. Өйткені осы соғыстан соң салтаткерлер алғаш рет қауіпсіздік туралы ой толғап, қарусыздандыру мәселесін алға тартып, тіпті көптеген қажыныстарды бейбіт реттеу үшін Ұлттар Лигасын құрған да болатын. Сонымен қатар бұл соғыс адамзат тарихындағы соғыстардың ең үлкені, әлемнің ірі мемлекеттерін қамтыған және дүние жүзілік соғыстарға негіз салып берген қанқұйлы соғыстардың бірі болды. Соғыс аяқталуының басты мақсаты әлемдік тәртіпті қайта қарау, алпауыт мемлекеттердің ықпал ету аймағын кеңейту болатын. Міне қазіргі кезде де әлемдегі ірі мемлекеттер арасында сан алуан кижіліңдер мен текетірестер орын алып отыр. Кейде олар шарықтау шегіне жетіп (Кариб дағдарысы және т.б.), ал кейде бәсеңдеп, адамзат азда болса ойланғандай күй кешуде. Бірақ келесі бүкіләлемдік соғыстың болдырмау Жер басып жүрген кез келген пенденің негізгі мақсатына айналуы тиісті деп ойлаймын. Өйткені бұл соғыс «ядролық кресті» туындатып, адамзат баласы ғана емес бүкіл тіршіліктің жайып Жерде жойылу қауіпін туғызуы мүмкін. Құдай оны басқа сала көрмесін!

«Жоғалған ұрпақты» мирас етіп қалдырғанына да бір ғасырға жуық уақыт болып қалды. Сірә әлем тұңғыш рет өзінің кішкентайлығын сезінген де болса керек. Өйткені осы соғыстан соң салтаткерлер алғаш рет қауіпсіздік туралы ой толғап, қарусыздандыру мәселесін алға тартып, тіпті көптеген қажыныстарды бейбіт реттеу үшін Ұлттар Лигасын құрған да болатын.

Міне сондықтан да біздер, бүгінгі өскелең ұрпақ бірінші дүниежүзілік соғысты туғызған себептерді түсінуге ұмтылып, тарихтан сабақ аруды ойластыру үшін оны бүге-шігесіне дейін зерттегеніміз абзал. Осы орайда біздің қалам тартып отырған тақырыбымыздың өзектілігі де байқалады.

Курстық жұмыстың мақсаты: бірінші дүниежүзілік соғыстың тарихын зерттеу болып табылады.

Көздеген мақсатымызға жету үшін курстық жұмыстың міндеттері мыналарды қамтиды:

Деректік шолу. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тарихы туралы ғылыми зерттеулер жетерлік. Алайда оның көпшілігі өз кезегіндегі идеологиялық талаптарға сай жазылды. СССР ыдырағаннан кейін бірінші дүниежүзілік соғыстың тарихына жаңаша көзқараспен қарау қажеттігі пайда болды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың альянсарттары соғыстың басталуы, әлемдік тәртіпті қайта құру, т.б. мәселелер де жан-жақты, бүгінгі заман талабы тұрғысынан қарауды талап етеді. Бұл ретте соңғы жылдардағы ашылған мұрағаттық құжаттар мен жаңадан, соны көзқараспен жазылған әдебиеттерді қарастыру, оларға шолу жасап, талдап-таразылау айрықша өзекті. Әріне, шағын курстық жұмыста бұлардың барлығын қамту мүлкін емес. Сондықтан біз жоғарыда аталғандарға бастама боларлық мәселелерді қарастыруды шектелеміз.

Жұмыста бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысты зерттеулер жүргізген тарихшылар мен саясаткерлердің, ғалымдардың еңбектерін шама-шарқымызша қарастыра отырып, бірінші дүниежүзілік соғыс туралы кеңінен ақпарат беруге тырыстық.

Курстық жұмыстың хронологиялық шеңбері соғыс басталған 1914 жылдан бастап соғыстың соңы 1918 жылды толығымен қамтиды.

Курстық жұмыстың құрылымы кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды мен қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстың алымырттары

1.1 Соғыстың шығу себептері

Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914—18)— Австрия, Германия блогы және Англия, Франция, Россия коалициясы арасында Еуропада басталған империалистік, әділетсіз соғыс. Кейін соғысқа дүние жүзінің көптеген мемлекеттері қатысты. Бірінші дүниежүзілік соғыс капиталистік жүйедегі дүние жүзілік шаруашылықтың жалпы дағдарысы салдарынан туы.

Капиталистік мемлекеттердің отарларды жедел басып алуы нәтижесінде 19 ғасырдың аяғына таман дүние жүзін бөліске салу аяқталды. Отарлардың денін Англия мен Франция иемденіп, Германия, АҚШ және Жапонияға үлес аз тиді. Осыдан келіп отарларды қайта бөлісу және өз ықпалын арттыру жолындағы бәсеке күшейді. 1879 ж. Германия отарларды қайта бөлісу үшін соғыс блогын топтастыра бастады да, Австрия Венгриямен соғыс одағын жасасты, бұған 1882 ж. Италия қосылып, Франция мен Россияға қарсы Германия бастаған Үштік одақ құрылды. Оған қарсы 1907 ж. Англия, Франция және Россияның соғыс коалициясы — Антанта құрылды.

Капиталистік елдердегі экономикалық дамудың секірмелі, монополия, қаржы капиталының үстемдігінің күшеюі, капиталдың шығару, рынок үшін күрес, ірі капиталистік елдердің территорияларды түпкілікті бөліп алуы сияқты істер олардың арасындағы келіспеушіліктерді тудырып түбінде осы үлкен соғысқа себеп болды. Нағыз толық мағынасындағы дербес мемлекеттер қатарына - Англия, Германия және АҚШ жатты, Франция, Ресей,

Япония - "бірінші класта", бірақ әлі де шын мәнінде емес" - екінші топқа жатты. 3-топқа Австро-Венгрия жатты. Ал бұл соғысты тудыратын қайшылық ағылшын-герман қайшылығы, ол — қайшылық отар мемдену туралы қайшылық. Англияда отар өте көп, Германияда жоқ. Себебі: Германия отар алығы келеді, Англия оны өз есебінен бергісі келмейді. Міне, осы қайшылық жоғарыда да атап көрсеткеніміздей, екі үлкен соғыс одақтары - Үштік одақ пен Антанта одақтарын дүниеге келтірді.

Ал енді бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы ірі мемлекеттердің әрқайсысының мүдделері қандай болды?

Герман империалистері жаулап алу бағдарламасында Ресейден көп жер басып алады армандады. Ресейдің құнарлы жер мен қазба байлықтарына толы жеріне немістердің колонистерін қоныстандыруды жоспарлады. Өндірісті Бельгияны аннексиялау, Конго, француздың темір рудасына бай Ломби және Брис бассейндерін аннексиялау, француз колонияларын басып алу, Англияның теңіздегі үстемдігін тартып алу, Англияны дүниежүзілік рынокта әлсірету тағы басқаны армандады, жоспарлады. Яғни "Ұлы Германияға" он жылдар бойына сырттан ешкімнің кедергісін болдырмауды жүзеге асырмақ болды.

Австро-Венгрия болса Сербияны аннексиялауды, Балканда австро-венгер үстемдігін орнатуды, Ресейден Польша, Пруссия, Вольнды алады көздейді. Австро-Венгрияның бұл бағдарламасын Германия қолдады. Себебі Германия Австриямен капитал жөнінен байланыстары болып отырған жағдайда Германия Балкан елдеріне капиталын еркін шығаруға мүмкіндік алатын еді.

Патшалық Ресейдің империалистері, помещиктері, ірі буржуазиясы біріншіден соғыстың мақсаты етіп, Германияның ұлылығын жоюды, Ресейге Галицияны қосып алуды, Константинополь мен Бұғаздарды алуды ойлады.

Ағылшын буржуазиясы өте күшті қарқынмен дамып келе жатқан Германияның экономикалық қаржыландыру күшін әлсіретуді, Германияның әскери-сауда флотын жоюды, Месопотамия мен Арабия жарты аралын оның мұнай кездерімен қоса алуды, сондай-ақ колонияларын тартып алуды арман етті.

Францияның империалистері де жоғарғылар сияқты Германияның әскери-экономикалық күшін талқандауды мақсат етті. Олар 1871 жылы тартып алынған Эльзас, Лотарингияны қайтарып алуды ойластырып ғана қойған жоқ, сондай-ақ, одан Рейннің сол жағалауын алып, Саар облысын қосып алуды, Сирияны алуды, Палестинаны, тағы басқа араб территориясын, Германия колонияларын тартып алуды көздеді.

Енді соғыстың басталуына ұйытқы болған Германияға жеке тоқталып өтелік.

Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Германияда жұмысшы қозғалысы жаңадан өрлей түсті (1910—13 ж. жыл сайын орта есеппен 300—400 мың жұмысшы ереуіл жасады). 1910 ж. 6 мартта Берлинде жалпыға бірдей байлау правосын беруді талап еткен жұмысшы демонстрациясы болып, оны полиция қуып таратты. 1910 ж. қыркүйек-қазанда Берлиннің пролетарлар ауданы — Моабитте ереуілшілердің полицияға қарсы баррикада ұрыстары болды. 1912 ж. мартта Рур кеншілерінің ереуілі басталды, 1913 ж. жазда Гамбургте,

Кильде, Штеттинде, Бременде ірі ереуілдер болды. Алайда реформашы социал-демократиялық партия жұмысшы қабын империализмге соғыс қауіпіне қарсы пәрменді күреске жұмылдыра алмады.

Соғысқа дайындала отырып, герман үкіметі француз-орыс одағын бұзып, Францияны жалғыз қалдыруға, сондай-ақ 1904 жылы ағылшын-француз келісімін бұзуға тырысты; бірақ Германияның бұл әрекеттерінен ештеңе шықпады. 1907 ж. Франция, Россия және Ұлыбритания бірігіп, Антанта одағын құрды.

Жоғарыда айтқанымыздай, бірінші дүниежүзілік соғыстың негізгі себебі шаруашылық дағдарыс, әлемді қайта бөліске салу мәселелерінің алға шығуына байланысты болды. Мұны соғысқа дайындалып жатқан елдердің соғыс қарсаңындағы экономикалық көрсеткішпен де көруге болады. Басты елдердің экономикалық көрсеткіштері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. 1913 жылы басты капиталистік елдердің экономикалық көрсеткіштері, млн. т.

| Елдер | Өндіру | | | Құйма | | Машина өнеркәсібі өнімінің құны млн. алтын ақша.** |
|------------------------|------------|------------|-------------|-------------|-------------|--|
| | Көмір | мұнай | Темір кені | шойын | болат | |
| Англия | 292 | — | 16,3 | 10,4 | 9,0 | 742 |
| Франция | 41 | — | 21,5 | 5,2 | 4,7 | 122 |
| Россия | 38 | 9,2 | 9,2 | 4,6 | 4,9 | 220 |
| Барлығы Антанта | 369 | 9,2 | 47,0 | 20,2 | 18,6 | 1084 |
| Германия | 277 | 0,1 | 28,6 | 16,8 | 15,7 | 1296 |
| Австро- | 54 | 1,1 | 5,3 | 2,4 | 2,6 | 213 |

| | | | | | | |
|-------------------|------------|-----------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Венгрия | | | | | | |
| Барлығы | 331 | 42 | 33,9 | 19,2 | 18,3 | 1509 |
| Негізгі | | | | | | |
| державалар | | | | | | |

* М. Б. Вольф и В. С. Клуфт. Статистический справочник по экономической географии капиталистического мира. Изд. 3-е, стр. 77, 87, 101, 138, 337, табл. 47, 57, 69, 110, 341; Изд. 4-е, стр. 74, 85, 105, 109, 110, 158, табл. 34, 42, 54, 58, 59, 97; "Мировое хозяйство", стр. 6 — 7, 8 — 9, табл. 2, 3.

12 Соғыстың сыпаты

Бірінші дүниежүзілік соғыс мүлде болмашы жайттан бастау алғанымен оның басталуының қайнар кезі алпауыт мемлекеттердің экономикасының дамуына жаңа нарықтар мен шикізат көздерін өздеріне қарату жатқан болатын. Мейлі қандай да бір соғыс болмасын ол негізінен жаудың алу мақсатында жүргізіледі.

2-тарау. Бірінші дүниежүзілік соғыс барысы

2.1 Соғыстың басталуы және жікке бөлінген әлем

1914 ж. 15 (28) июльде Сараевода серб ұлтшылары Австрия Венгрия тағының мұрагері Франц Фердинандты өлтірді. Осы оқиға соғыстың басталуына сылтау болды. Германияның итермелеуімен Австрия Венгрия Сербияға қасақана талап қойды да, қанағаттанарлық жауап ала алмағаннан кейін, 15 (28) июльде Сербияға соғыс жариялады. Германия 19 июльде (1 авг.) Россияға, 21 июльде (3 авг.) Францияға соғыс жариялады. Англия 22 июльде (4 авг.) Германияға соғыс жариялады. Германияға қарсы Ұлыбританияның доминиондары — Австралия, Канада, Жаңа Зеландия және Оңт. Африка Одағы соғыс ашты. Аз уақыттың ішінде соғысқа барлық құрлықтың 33 мемлекеті тартылды.

1914 ж. 23 тамызда Жапония Германияға соғыс жариялады. Октябрьде жапон флоты Германиядан Маршал, Мариан, Каролин аралдарын тартып алды; ноябрьде жапон әскерлері Германияның Қытайдан жалға алған Шаньдун провинциясын түгелдей дерлік оккупациялады. Сонымен бірге, Жапония өзінің Қытайдағы соғыс позицияларын мықтап нығайтты.

Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—18) соғысушы екі жақ тарапынан да империалистік сипатта болды. Герман империализмі Еуропада өз үстемдігін орнатуды, Орталық Африкада үлкен отарлық империя құруды, герман буржуазиясының дүние жүзілік рыноктарда үстемдік етуін көздеді. Соғыс Германия еңбекшілерінің жағдайын бұрынғыдан бетер нашарлата түсті, ал капиталистік монополиялардың табыстары қисапсыз өсті. Соғыс басталысымен с.д.

партияның басшылары социал-шовинистік бағыт ұстады (соғыс кредиттерін жақтап дауыс берді, «отанды қорғауға», «таптық ынтымаққа» шақырды). Солшы социалдемократтар тобы — К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, В. Пик т. б. пролетарлық, интернационализм принципіне адал болып қала берді.

Герман үкіметі соғысты тез бітіреміз деп дәмеленді. Бірақ герман әскерлерінің Франциядағы Марна өзенінің жағасында жеңілуі (1914 ж. сент.) жағдайды өзгертіп жіберді. Г. одақтасы Австрия-Венгрияның Галицияда жеңіліске ұшырауы (1914 ж. сент.) және оның екінші бір одақтасы Италияның 1915 ж. майда Антанта жағына шығуы Германияның жағдайын одан сайын қиындата түсті. Неміс қолбасшылығының Верден операциясының барысында (1916 ж. февральда басталып, 10 айға созылған) француз-ағылшын армиясының негізгі күштерін талқандамақ болған әрекеті сәтсіздікке ұшырады.

Жалпы Антанта елдерінің материалдық-техникалық соғыс базасы 1916 жылы орталық блок елдерінің базасынан артық болды.

2-кесте. 1915 жылғы қарулану өндiрiсi *

| Елдер | Винтовкалар | Пулеметтер | Қару ұғылары | Ұшақтар |
|----------------|-------------|------------|--------------|---------|
| Германия | 1 155 000 | 8 000 | 4 000 | 4 500 |
| Австро-Венгрия | 900 000 | 2 500 | 1 585 | 339 |
| Жиынтығы | 2 055 000 | 10 500 | 5 585 | 4 838 |
| Франция | 800 000 | 6 000 | 1 200 | 4 489 |
| Англия | 613 000 | 6 064 | 3 400 | 4 598 |

| | | | | |
|-----------|-----------|--------|-------|------|
| Россия | 740 000 | 4 250 | 2 106 | 870 |
| Жымынтыны | 2 153 000 | 16 314 | 6 706 | 9 95 |

* "Мировая война в цифрах" стр. 39 — 41; А. А. Максимовский. Боевое снабжение русской армии в войну 1914-1918 гг., изд. 3-е, стр. 404.

Бірінші дүниежүзілік соғыста жалу әскердің негізгі қаруы — винтовкамен бірге автомат қаруы да кең қолданылды XX ғасырдың басында қол пулеметтары да пайда болды. Алғаш рет ол орыс-жапон соғысында пайдаланылды

Батыс Еуропа мемлекеттері әскерінің жарақтары

| Жүйе | Калыбр, мм | Ең жоғары қашықтығы, м |
|---------------------------------------|---------------|---------------------------|
| Россия | | |
| Магазинді винтовка 1891 ж. үлгіде | 7,62 | 3000 |
| Максим жүйелі станкалық пулемет | 7,62 | 3000 |
| Франция | | |
| 1896 ж. үлгідегі винтовка | 8,0 | 2500 |
| Гочкис станкалық пулеметі | 8,0 | |
| Англия | | |
| 1908 ж. үлгілі пулеметі Ли. — Энфильд | 7,7 | 3000 |
| Максим жүйелі станкалық пулемет | 7,7 | |
| Германия | | |
| 1898 ж. үлгілі Маузер винтовкасы | 7,9 | 3000 |
| Максим жүйелі станкалық пулемет | 7,9 | 3000 |
| Аустро-Венгрия | | |

| | | | |
|----------------------------------|----------|-----|------|
| 1895 ж. үлгілі винтовкасы | Мәңгікер | 8,0 | 3000 |
| Шварцлозе станкарлық пулеметі | | 8,0 | |

1916 жылы Германия қайтадан батысқа бар күшін жұмылдырды. Басты соққыны Францияға Верден ауданында бермек болып ұйғарды. Қаншалықты күш салғанына қарамастан, герман әскерлері қоршауды бұзып өте алмады. Бұған орыс әскерінің Галициядағы Оңтүстік батыс фронтқа басып кіруі әсер етті. Герман-австрия әскері Батыс және Италиян майданын тастап, Шығыс майданға өтуге мәжбүр болды. Солма езеніндегі ағылшын-француз әскерінің де шабуылы сәтсіз болды. Одақтастар ұрыс барысында танктерді пайдаланса да, олар қарсыластың қорғанысын бұзып өте алмады. Олар 80 мың адамнан айрылды. 27 тамызда Антант тарапынан соғысқа Румыния кірді. Алайда шабуыл соғында румын әскері жеңіліс тапты. Тату шығыста орыс әскерлері жеңіске жетті. Орыс әскерлері Түркияға қарай жылжып, Эрзурум, Трапезунд және Эрзинджан қалаларын басып алды. Мұнда ағылшындар 14 кораблінен, 7 мыңға жуық адамнан айрылды. 1916 жылы немістердің шығыны 11 корабль, 3 мыңнан астам адамға жетті. Соғыс барысында герман-австрия блогы стратегиялық бастамашылығын жоғалтты. Германия бүкіл фронтта қорғануға көшуге мәжбүр болды.

1916 жылдың басында Антант Орталық державалардан басымдық иеленді. Қару-жарақ жағынан болсын, әскер жағынан болсын едәуір басым түсті. 1916 жылдың басында Антантда 365, ал орталық блок елдерінде – 286 дивизия болды. Антант армиясының

жалпы саны 18 млн. адам, ал орталық блокеелдері – 9 млн. адам болды.

Ол мына кестеден де айқын көрінеді.

| Антанта елдері | Дивизиялар саны | Орталық блок елдері | Дивизиялар саны |
|----------------|-----------------|---------------------|-----------------|
| Франция | 99 | Германия | 159 |
| Англия | 80 | Австро-Венгрия | 63 |
| Россия | 136 | Болгария | 12 |
| Италия | 38 | Түркия | 52 |
| Бельгия | 6 | | |
| Сербия | 6 | | |
| Барлығы | 365 | | 286 |

1916 ж. июнда орыс әскерлері Австрия-герман майданын бұзып өтіп, дұшпанның онсыз да ауыр жағдайын асқындырып жіберді.

2. Интернационалдың партияларының реакцияшы басшылары жұмысшы табына сатқындық жасап, өздерінің буржуазиялық отанын жақтаған шовинистік бағыт ұстады. Тек Россиядағы большевиктер партиясы ғана империалистік соғысқа қарсы үн көтеріп, барлық соғысушы елдердің еңбекші бұқарасын осы соғыста өз үкіметінің кеңілуі үшін күресуге, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыруға шақырды.

Бірінші дүниежүзілік соғыста Германия Еуропада үстемдік алу мақсатымен бастап бәсекелесі Англияны талқандап, оны отарларынан айыруға, Францияны, Бельгияны және Голландияны жеңіп, отарларын өзі басып алуға ұмтылды, ал Россиядан Польшаны, Украинаны және Балтық жағалауын тартып алып, оны әлсіретуді көздеді. Австрия-

Венгрия болса Сербия мен Черногорияны басып алуға, Түркия орта Закавказьесін бағындыруға ниеттенді. Англия өзінің отарлық үстемдігін сақтап қалу үшін дүние жүзілік рыноктағы қауіпті бәсекелесі Германияны күйфете жеңіп, Түркиядан Месопотамия мен Палестинаны тартып алуды, Египетте өз жағдайын нығайтуды мақсат етті; Франция 1871 ж. Германия тартып алған көмір мен темірге бай Эльзас — Лотарингияны қайтарып, Саар алабын басып алуды көздеді; Россия Галицияны, Туркияның бір бөлігін, Константинополь мен Қара теңіз бұғаздарын иемденуге тырысты. Бірінші дүниежүзілік соғысты соғысқа қатысушы әрбір мемлекет қайткенде өз пайдасына шешуге жанталасып, өз елдеріндегі жұмысшы табының революциялық қозғалысын және отар елдердегі халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын тұншықтыруды көздеді.

1916 жылдың аяғындағы кезеңдерде соғысқа барлық дамыған капиталистік елдер түгелге дерлік қатысты. Бұл уақытқа дейін барлық майданда 50 млн. солдат соғысты. Ал қалған еңбекке жарамды адамдардың бәрі соғыс мұқтажын өтеу үшін шахталар мен өндірістерде жұмыс жасап жатты. Адамзат баласы жасаған байлықтың бәрі түгел дерлік соғыс мүддесіне жұмсалды. Соғыс адамға да өндіріске де, мемлекеттерге де адам айтқысыз көп зиян шектірді.

Майданда да, тылда да соғысқа қарсы пиғылдар күшейді. Соғыстағы сәтсіздіктер, Германияның экономикалық қорлауының сарқылуы, жұмысшы қозғалысының өрістеуі герман үкіметін 1916 ж. күзде Россиямен сепараттық бітім жасрудың жолын іздеуге мәжбүр етті, бірақ оның бұл әрекетінен ештеңе өнбеді.

1917 жылға қарай соғыс қарсы соғысушы тараптардың экономикасын едәуір әлсіретті. Германия коалициясы енді ірі жаулау соғыстарын жүргізе алмады. Германия бәр күшін суданы соғысқа жұмылдырды. Антантаның жоспары күш қуатын бәрінша пайдалануға ойысты. Бұл басымдық 1917 жылы 6 сәуірде АҚШ-тың Антанта жағынан соғысқа араласуына орай тіпті салмақтана түсті. Жоғары қолбасшылар Германия мен Австрия-Венгрияны күйрету үшін Батыс және Шығыс майданда жалпы келісілген жойқын соққыны ұйымдастырмақ болды. Алайда сәуірдегі ағылшын-француз әскерлерінің шабуылы бұл жоспарды болдырмады. Негізгі ақуал өзгеріссіз қалды. 1917 жылы орыс әскерлерінің шабуылы да сәтсіз аяқталды. Осы операциялар бойынша Шығыс майданда адам шығыны 150 мың адамнан асты. 3 қыркүйекте Риганың қорғаныс операциясы нәтижесінде орыс әскері Риганы тастап шықты. 1917 жылы күзде Балтық флотының моряктары Герман әскерлеріне қатты қарсылық көрсетті. Үлкен шығынға бағуына байланысты герман әскерлері Фин бұғазына басып кіруден бас тартты.

Россидағы 1917 ж. февр. революциясы Германияда жұмысшы қозғалысының жаңадан өрлеуіне себепші болды. 1917 ж. апрельде Берлинде болған ереуіл кезінде жұмысшы депутаттарының Советтері құрылды. Сонымен бірге «жоғарыдағылар» да дағдарысқа ұшырамақ «келісім бойынша бітім жасауды» жақтаған топ күшейді. 1917 ж. июльде «либерал» болдың деп айып тағылған канцлер Т. Бетман Гольберг орнынан түсті. Елдегі өкімет билігі іс жүзінде П. Гюнденбург пен Э. Людендорф бастаған армияның жоғарғы қолбасшылығының қолына көшті.

22. Соғыстың аяқталу фазасы

1917 ж. апрельде Антанта соғыс блогына АҚШ қосылды. АҚШ-тан кейін Жапония, Италия, Румыния, Қытай, — не бары 20 мемлекетті қамтыды. Капитализмнің бірінші дағдарысы салдарынан туған бірінші империалистік соғыс ол дағдарысты шиеленістіре түсті, дүние жүзілік капиталистік жүйенің онан өрі әлсіреуіне әкеліп соқты. Антанта соғыс блогының кертартпа басқыншылық сипаты 1917 ж. февральда Россияда буржуазиялық демократиялық революция жеңіп, патша өкіметі құлатылған жағдайда айқын көрінді. Антанта империалистері Россия революциясын тұншықтыруға тырысып бақты.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресейдегі революциялық қозғалыстардың сүздісі болды. Бұл кейіннен Октябрь революциясына әкелді. Ресейдегі оқиғалар, сондай-ақ одақтастардың келіспеген әрекеттері Антатаның стратегиялық жоспарын бұзды. Германияның құрлықта қарсыластарына соққы беруге жағдай туды. Алайда оның 1 ақпанда мәлімдеген шектеусіз суданы шабуылы қалаған нәтижені бермеді. Октябрь революциясынан кейін Ресей іс жүзінде соғыстан шықты. 2 желтоқсанда герман-австрия блогымен қайтыа татуласу жөнінде келісімге қол қойды, кейіннен бейбіт келіссөздерге кірісті (Брест келісімі).

1918 жылдың басына қарай әскери-саяси жағдай елеулі өзгерді. Герман-австрия бабты державалары соғысты аяқтауға тырысты. Германия командованиясі наурызда Батыс майданда шабуылдады. Көктемде және жазда герман әскері бірнеше шабуыл ұйымдастырды. Алайда жеткілікті резерві болмаған соң, бұл шабуылдары нәтижелі бола қоймады. Стратегиялық бастама біржола Антатаның қолына

көшті. Тамыз-қыркүйекте одақтастар әскерлері өз басымдықтарын пайдалана отырып, шабуылға көшті, Сөйтіп олар Франция аумағынан неміс әскерін ығыстырып шығарды.

Жапон империалистері Ұлы Октябрь Советтік социалистік революциясы туралы хабарды асқан өшпенділікпен қарсы алды. Жапонияның билеп тастаушы топтары Советтік Россияның тату көршілік қатынастар орнату жөніндегі ұсыныстарын қабылдамай, АҚШ-пен, Англиямен, Франциямен бірлесіп, 1918 ж. көктемде Совет республикасына қарсы қарулы интервенция жасау жолына түсті. Жапон империалистері Бұқаралға дейінгі ұлан байтақ жерді басып алмақ болды. Антантаның 1918 ж. тамыз-қыркүйектегі Россиядағы Октябрь революциясының тікелей әсерімен жапон еңбекшілерінің жаппай революциялық қимылы — «күрші бүлігі» болды, ол елдің үштен бір бөлігін, 141 қаланы қамтыды. Қозғалысқа 10-нан 13 млнға дейін адам қатысты.

Россиядағы Ұлы Октябрь революциясының ықпалымен Германияда жұмысшы қозғалысы кең өріс алды. Кайзерлік Германия экономикалық және саяси дағдарыстың қыспағына түсті. Совет үкіметінің соғысушы мемлекеттердің бәрін аннексиясыз және контрибуциясыз бітім жасауға шақырған үндеуі Германияда да соғысқа қарсы пиғылдарды күшейтті.

Брест-Литовсктегі (қ. Брест бітімі, 1918) келіссөздер кезінде герман үкіметінің Советтік Россияға кіріптарлық шарттар қоюына неміс пролетариаты 1918 ж. январьда жаппай ереуіл жасаумен жауап берді. Бұқараның революциялық рухын көтеруде «Спартак Одағы» үлкен роль атқарды. Герман қолбасшылығының 1918 ж. көктемде

Батыста жасаған ірі шабуылы да сәтсіздікке ұшырады. Елде революциялық жағдай туды.

Қазанның басында Германияның жағдайы мүлдем нашарлап кетті. Германияның одақтастары Болгария, Түркия, Австро-Венгрия 1918 жылы Антанта державасымен қайта келісімге келді.

9 ноябрьде Берлинде болған кетеріліс жеңіске жетті; ірішпіріген монархиялық тәртіп құлатылды. Ноябрь революциясының (1918) қозғаушы күші жұмысшылар мен солдаттар болды, бірақ революцияның жемісін буржуазия пайдаланып кетті, елдегі өкімет билігі оңшыл социалдемократтар мен «тәуелсіздерден» құраалған «Халық өкілдерінің Советіне» берілді. 1918 ж. 11 ноябрьде Компьенде Германия Антантамен уақытша бітімге қол қойды.

Германия Австрия блоты құрамында 3,5 млннан астам адамы бар әскер бөлімдерін (барлығы 193 дивизия), ал Антанта елдері 6 млннан астам адамы (барлығы 287 дивизия) соғысқа қарсы қойды. Барлығы екі жақтан тиісінше 7 млннан астам және 11 млнға жуық адам мобилизацияланды. 4 жыл 3 ай 10 күнге созылған соғыс Германия мен оның одақтастарының күйрей жеңілуімен аяқталды.

Бірінші дүние жүзілік соғыс (1914—18) Ұлыбритания үшін де, соғысқа қатысушы басқа елдер үшін де империалистік соғыс болды. Ұлыбритания өзінің басты бәсекелесі Германияны талқандап, оның отарларын тартып алуға, Түркияның Таяу Шығыстағы иеліктерінің біразын өзіне қаратуға тырысты. Соғыс мемлекеттік монополистік капитализмнің жедел дамуына жағдай жасады.

Бірінші дүние жүзілік соғыстан Ұлыбритания жеңімпаз державалардың бірі болып шықты. Германия мен Түркияның

көптеген иеліктерін өзіне бағындырды. Францилмен бірге Ұлттар Лигасында шешуші рөлге болды. Дегенмен, бірінші дүние жүзілік соғыс және осы соғыс барысында басталған капитализмнің жалпы дағдарысы Ұлыбританияны экономикалық жағынан әжептәуір әлсіретті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Ұлыбританияның билеуші мемлекетіне қарсы күресті өз аса маңызды міндеті деп Ұлыбритания Совет еліне қарсы интерушы басты елдің бірі болды. Ұлы Октябрь революциясының ықпалымен Ұлыбритания да революциялық өрлеу тапты, 1920 ж. Ұлыбритания коммунистік партиясы құрылды, «Тарт қолыңды Россиядан» деген ұранмен антисоветке қарсы күрес бас көтерді.

3-тарау. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары

3.1 Соғыс пен білімі және соғыс зардаптары

Бірінші дүниежүзілік соғыс 4 жылға созылды (1914 жылдың 1 тамызынан 1918 жылдың 11 қарашасына дейін). Оған 38 мемлекет қатысты. Соғыс алаңында 74 млн. Адам соғысты, оның 10 млн өлтірілді, 20 млн. жарадар болды. Соғыс экономикаға, саясатқа, идеологияға, жалпы халықаралық жүйеге айрықша әсер етті. Соғыс ең мықты еуропа мемлекеттерін күйретіп, әлемде жаңа геосаяси ахуал қалыптастырды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аса маңызды саяси қорытындысы — капитализмнің жалпы дағдарысы онан сайын тереңдеп, дүние жүзі қарама-қайшы екі жүйеге — социалистік және капиталистік жүйеге бөлінді. Отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалыс отаршылықтың құлдырай бастауына жол ашты.

Жоғарыда айтқандай бір елдер соғыста байыды. Ол елдерге Жапония мен АҚШ-ты жатқызамыз. Жапония болса соғыс барысындағы жағдайларды пайдаланып Қытайда өз ықпалын қамтамасыз етті. Қытайдың жақсы-жақсы материалдық-стратегиялық маңызы бар аралдары мен портын алды. Сондай-ақ соғысушы елдерге қару-жарақ шығару арқылы да байыды. 1914 жылға дейін капитал иесі банкіері болып келген Англия, Франция сияқты елдер енді өзінің капиталының көп бөлігінен соғыс салдарынан айрылып қалды. Бұрын осы капиталистік елдерге экономикалық жағынан қарыздар болып келген АҚШ капиталистік дүниенің қаржы орталығына айналды.

Халықтың кедейленуімен қатар ірі монополиялардың экономикалық саяси күші өсе түсті, адам айтқысыз дәрежеде өсті. Соғыс кезінде бұрынғы "еркін рыноктың" өрісі тарылып, енді тек соғыс жабдығын шығаруда соғысқа, қазынаға ғана жұмыс жасады. Соғысушы капиталистік мемлекеттер енді тек тапсырыс берушіге айналды. Бұл мемлекеттік тапсырыстар монополистердің баяу құралына айналды. Бүкіл мемлекеттік аппаратты монополия өзіне бағындыра бастады. Соғысқа мұқтаж заттармен, мұнаймен, азық-түлігімен қамтамасыз ету мақсатында капиталистік елдер үкіметі қатаң бақылау жүйесін енгізді. Осылайша 1914-1918 жылдардағы соғыс аралығында монополистік капитализм соғыстық-мемлекеттік монополистік капитализмге айналды. Бұл деген сөз барлық өндірісте керекті заттардың бәрін мемлекет монополистерінің қолына берді. Әскери тапсырыс мемлекеттік бюджеттен төленді. Сондай-ақ соғысушы елдерде нанға, қантқа, етке, киімге, көмірге, тағы басқа тұтынушыларға керекті заттарға "карточка" жүйесі енгізілді. Ал оның мөлшері соғыстан бұрынғыдан 2, 3 есе азайтылды.

Соғыстың әкелген ауыртпалықты ауызбен айтып жеткізу оңай емес. Соғыс қару-жарақтарын шығаруды көбейту үшін арзан еңбек күші — әйелдер мен жеткіншектердің еңбегін пайдалану кең етек алды. Жұмыс күнін ұзартып, стачкалар жасауға тыйым салды. Еңбегін қорғау заңы дегендер жұмысын тоқтатты. Шахталар, заводтар, теміржолдар милитаризацияланды, яғни соғыс жағдайына көшірілді. Жұмыс істеуге еңбекшілерді мобилизациялап отырды. Олардың бір ендіріс орнынан екінші ендіріс орнына көшуге құқысыз болды. Кейбір

елдерде 16-60 арасындағы еркектердің жалпы еңбек міндеткерлігі енгізілді.

1918 жылы 4-қарашада депутат Эрцберг бастаған әскери топ француз маршалы Фоштың ставкасына бітім хабаршысы ретінде барды. Компьен орманында теміржол вагонның ішінде Германия бүкіл Франция территориясын (бұрын алған) Бельгияның территориясын, Эльзас, Лотарингияны, Рейннің сол жағалауын тазартуға, қайтаруға келісті. Сондай-ақ Антантаға Майнц, Кобленц, Кельн қалаларын пайдалану құқыны берілді. Бүкіл герман флоты қарусыздандырылып, одақтар порттарына алып кететін болды. Бұл келісімге 11-қараша 1918 жылы қол қойылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс адамзатты бұрын көрмеген қайғы-қасіретке, аштық пен жалаңаштыққа душар етті, барлық елдің экономикасын күйзелтті. Бірінші дүниежүзілік соғыс көлемі жағынан бұрынғы соғыстардың бәрінен де асып түсті. Алғаш ол 732 млн. халқы бар (отарларымен қоса) еуропалық 8 мемлекеттің арасында басталса, соғыстың аяғына таман 1,5 млрд-тан астам халқы бар (жер шары халқының 87%) 38 мемлекетті қалтырды. Майданның жалпы шебі 3000 км-ге жетті. Соғысушы мемлекеттердің тек соғыс шығыны 208 млрд. долл. болды. Соғыс кезінде мобилизацияланған 73,515 мың адамның (Антанта 48,355 мың, герман коалициясы — 25,160 мың) 10 млн-ға жуығы опат болды, 20 млн-нан астам жараланды, 10 млн-ға жуығы індет пен аштықтан өлді. Теңіздерде 6 мыңдай сауда кемесі, 60-ға жуық әскери корабль, 1 млн-нан астам көмекші кемелер жойылды.

Өткен кезеңдегі соғыстармен салыстырғанда бірінші дүниежүзілік соғыс техникалық, экономикалық жағынан жаңа,

жетілдірілген негізде өтті. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тәжірибесі әскери өнерді онан әрі дамытуға зор ықпал жасады.

1919 ж. 28 июньде Версальда (Франция) Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғаны жөнінде Германиямен Версаль бітім шартына (1919) қол қойылды. Германиядан едәуір жер бөліп алынып, көрші мемлекеттерге (Францияға, Бельгияға, Польшаға) берілді, Германияның барлық отарын жеңіскер ірі мемлекеттер өзара бөлісіп алды. Кейін әр мезгілде соғысқа қатысушы басқа да мемлекеттермен бітім шартына қол қойылды. Жеңілген елдер, әсіресе Түркия едәуір жерінен айрылды. Австрия-Венгриядан Австрия, Венгрия, Чехословакия сияқты дербес мемлекеттер бөлініп шықты. Австрия-Венгрия жерінің бір бөлігі қайта құрылған Польша мен Югославия мемлекеттерінің құрамына кірді.

1919 ж. 28 июньде Версальда соғыста жеңіп шыққан мемлекеттер Германияға күштеп таңған бітім шарттарына (ж. Версаль бітім шарты, 1919) қол қойылды. Бітім шарттарына сәйкес Германия өзінің барлық отарынан айрылды, басқа елдерден тартып алған кейбір жерлерін (соның ішінде Эльзас Лотарингияны) олардың өздеріне қайтарып берді; Германия орасан көп репарациялық салық төлейтін болды, оның шабуылы жасауға керекті қару-жарақ, әскери авиация, сүңгуір қайық флотын ұстауына тыйым салынды, армиясының саны 100 мың адамнан аспайтын болды.

Антанта мемлекеттері Версаль бітім шарты қойған шектерге қарамастан, Германияның соғыс қуатын жою үшін пәрменді шаралар қолданбады.

1922 ж. 16 апрельде Рапалло шартына қол қойылып, Германия мен Советтік Ресейдің арасында дипломатиялық қатынас орнатылды.

Қорытынды

Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан ефрейтор Адольф Гитлер негізгі қайтарудың жолына түскен немістердің партиясына мүше болып, артынша ондағы билікті өз қолына топтастыра алды. Ал одан соң не болғанын біздің бәріміз де білеміз. Адам баласы бірінші дүниежүзілік соғысты жылдам естен шығарып, одан сабақ ала алмады десем қателесе қоймаспын. Өйткені бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Париж бейбіт конференциясынан бастау алған Версаль-Вашингтон жүйесі өзінің пайда болу кезеңінің әдепкі басында-ақ қарама-қайшылықтарды жаулатып жіберді. Сонымен қатар Германияның есебінен ұдайы жинауға көшкен елдер репарацияның мөлшерін мүлде зыяра сілтеді. Осы бірінші дүниежүзілік соғыстың зардаптары мен бүкіл әлем елдерін қамтыған «ұлы депрессия» жылдары адамзат баласындағы озбырлық пен анайылықтың, тағылық пен сұрқиялықтың, жауыздық пен қан құйлы қатыгездіктің кескін келбетін бір өзіне топтастырған тұлғаны сомдап соғып, осы бір жұмыр басты пенденің атын атағанда концлагерьлер мен ұрыс далаларында ұйылып жатқан мүрделер көз алдыға келетін жағдайға душар етті. Бірақ адам баласы ұмытшақтығына басып реваншистер жер-жерде бас көтеріп (орыс фашисттері баркашовшылар, француз, неміс реваншистері және басқа тобырлар Гитлердің туылған күнін атап өтіп жүр) қылаң беріп жүр.

Бірінші дүниежүзілік соғыс менің ойымша тікелей екінші дүниежүзілік соғысты туындатқан соғыс болды. Одан кейінгі кезеңдегі бейбітшілік тек жай ғана амалсыздан, экономиканың соғыс

зардаптарын көтере алмайтындықтан болған, сонымен қатар революциялар дүниесінің арқасында туындаған халықтардың ашудың азабынан сескенгендігінен пайда болған бейбітшілік еді. Тіпті ол аз болды-ау дегендей капитализм дүниесін шартыған 1929-1933 жылғы депрессия жылдарымен қоса-қабат социализмнің «шамшырағын» жағушы елде орын алған репрессия (депрессия мен репрессияның ұйқастығы да бірдеңені меңзеп тұрғандай) сойқандықтары, аштық пен кедейшілік сәл ғана сейілгендей болғанда ядролық қаруды туындатқан алапат соғысқа жер шарын допша домалатып лақтырып жіберді. Адамзат баласы ұмытпақ, Тарихтан тағылым алу көптің басына берілмеген, сондықтан еске салып, өткен-кеткен соғыс тарихын зерделеп отыру мүмкін соғысқұмарлардың мысын басар деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, ағылшын империалистері мен герман империалистерінің арасындағы қайшылық соғыстың туына негізгі себеп болды. Соғыс өртің тұтандыруда Германия мен Францияның, Россия мен Германияның т. б. арасындағы қайшылықтардың да үлкен ролі болды. Дүниежүзілік соғыс қантөгіс соғыс болды. Соғыстарға қатысқандар саны 70 млн. адамға жетті. 10 млн адамнан өлі айырды. 20 млн. адам жаралы болды. Міне соғыс қортындысы осындай. Мыңдаған қала мен ауыл жермен-жермен етілді. Теміржол, фабрика, зауыт істен шықты. Соғыстың шығыны 170 млрд. алтын акша, ал жалпы шығыны — 600 миллиардқа жетті.

Осы соғыс барысында химиялық қару қолданылып (зарин газы) танктер ұрыс алаңына шықты. Адамзат баласы соғыс қаруын жасауда жарысып өзінің бойындағы анайы инстинкттерден алашақ кете алмай

бірі-бірі солдат етігін бабанымен таптау үшін бар дегенін істеп бақты. Осындай қатыгездік пен саусағынан қан сорғалаған заманда да гуманисттер басын тік ұстады. Осының айғағы ретінде әлем әдебиетінің алтын қорынан орын алған бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған Я.Гашектің «Сәйіпқыран солдат Швейктің басынан кешкендері», неміс жазушысы ЭМ. Ремарктың «Батыс майданда өзгеріс жоқ» атты романдарында адам баласының ізлік пен мейірімділікке, әділеттілік пен бейбітшілікке ұмтылысы тайға таңба басқандай көрініп тұр. Осы шығармаларды оқығанда Пабло Пикассонның «Герника» атты көсіндемесіндегі фашизм жандеттері жасаған астан-кестені шыққан әлемнің ауылы алыс шығар деп те ойлайсың, бірақ бірінші дүниежүзілік соғыс екіншіге тікелей жол ашушы болғандығы көкейден көтер емес. Бейбіт кезде өмір сүрген біздердің өзімізде сұрапыл соғыстың көріністерін көргенімізде іштей күбірлеп, жаратқан иемнен жалбарына тілейтініміз мына бір дұғатілек: «Ылаһым дүниежүзілік соғыстан адамзат баласын аулақ қыласың!»

Пайдаланылған әдебиеттер

1. История дипломатии. 2-том. – М., 1993.
2. История первой мировой войны. 1914-1918, 1-томдар, М., 1975.
3. Первая мировая война 1914-1918, (сборник статей), М., 1968
4. Ленин В. И., Соч., 4 изд (см. Справочный том, ч. I, с 158—66). – М., 1983.
5. Ленин В. И. Алыстан жазылған хаттар, Шың., 23т.; - А., 1975.
6. Ленин В. И. Европа мен Америка жұмысшыларына хат, Шың. 23 т. – А., 1975.
7. Тэрле Е. В., Европа в эпоху империализма 1871—1919, 4 изд., М.—Л., 1923.
8. Ротштейн Ф. А., Международные отношения в конце XIX века, М.—Л., 1960.
9. Полетика Н.П., Возникновение первой мировой войны (июльский кризис 1914 г.), М., 1964.
10. Фей С, Происхождение мировой войны, т. 1, пер. с англ., М., 1934.
11. Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы, толықт. 2 бас, А., 1964.